

- студент практика өтіп жатқан орган тарабы болып табылатын дауларды қарау және шешуге байланысты сот мәжілістеріне қатысуға;
- органдардың заң қызметін игеруге, заң қызметтері дайындайтын құжаттардың жобаларын дайындауға қатысуға міндетті.

Есепке студент оларды толтыру ережелерімен танысқан құжаттардың жобалары тіркелуі тиіс.

**Қорытынды бөлім-** студент жалпы өндірістік практика бойынша көрген, білген мәліметтерді және практика өту барысында түйіндеген ойларын, ұсыныстарын, жасаған талдауларын жазады.

Практиканы қорғау қорытындысы тағайындалған балдық-рейтингтік әріпті жүйе бағасы бойынша дифференциалды сынақпен бағаланады.

Практика жетекшісі студенттерге мінездеме береді және ол кафедра жетекшісімен құпталған және барлық қажетті материалдар бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі.

Практика бағдарламасын орындамаған, практика өту барысында теріс пікір алған студент қанағаттанарлықсыз бағамен бағаланады.

Әдістемелік нұсқау қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша күндізгі, күндізгі қысқартылған топ студенттеріне де қолданылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер есеп беру нысанын таңдауға және тапсырмаларды жеке кесте негізінде тапсыруға құқылы. Карантин жағдайында студенттер Microsoft Teams, Cisco Webex, ZOOM платформаларында «dis.htii.kz» сайтында практика түрлері бойынша есептерді онлайн-форматта тапсыруға құқылы.

**Келісілді:**

1. Жамбыл облысы Полиция Департаментінің жедел-криминалистикалық басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Б.Ж.Салмов

2. Тараз қаласы Полиция басқармасы № 1 Полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Б. Е. Нурсейтов

3. Жамбыл облысы бойынша жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасы жеке сот орындаушы А.С.Жуманова

4. «Бітімгер» медиация және құқықтық зерттеу орталығының бастығы Т.Б.Сәткеев

Халықаралық Тараз инновациялық институты  
«Заң» факультеті  
«Азаматтық және қылмыстық құқық» кафедрасы

6B04201-«Құқықтану» білім беру бағдарламасы,  
5B030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша  
«Өндірістік» практикасына арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Оқу түрі: күндізгі  
Курс: 1  
Семестр: 8

Тараз 2021 ж.

6B04201, 5B030100-«Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша өндірістік практиканың әдістемелік нұсқауы білім беру бағдарламасы бойынша «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы (өзгерістерімен 05.05.2020ж №182), «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы, (өзгерістерімен 18.05.2020ж. № 207) жұмыс оқу жоспарлар негізінде әзірленген.

Әдістемелік нұсқауды құрастырған  
«Азаматтық және қылмыстық құқық» кафедрасының  
аға оқытушысы Ж.С. Ералиева Ералиева Ж.Д.

Әдістемелік нұсқау «05» 05 2021 ж. №4 хаттама  
кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

Кафедра меңгерушісі: А.И. Газаев Газаев А.И.  
(қолы) (аты-жөні)

Әдістемелік нұсқау «Зан» факультетінің оқу-әдістемелік бюросында мақұлданды.  
«05» 05 2021 ж. №4 хаттама.

Факультеттің ОӘБ төрайымы: Р.Ш. Бектұрғанова Бектұрғанова Р.Ш.  
(қолы) (аты-жөні)

Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді.

«05» 05 2021 ж. №5 хаттама.

## 1. Жалпы ережелер

Жоғары оқу орындарында өндірістік практика оқыту процесінде барлық теориялық білімдерін аяқтағаннан кейін және диплом жұмысы тақырыптарымен байланысты болуы мүмкін. Өндірістік практиканың мақсаты-кәсіби құзіреттерін бекіту, кәсіби қызметінің практикалық дағдылары мен тәжірибені игеру болып табылады.

## 2. Өндірістік практикасының базасы мен бағдарламасы

5B030100, 6B04201-«Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша өндірістік практикасының базасы құқық қорғау органдары және мекемелер болып табылады. Өндірістік практикасының өтілу мерзімі 10-апта құрайды.

ЖОО өндірістік практика жетекшілері ретінде профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар, мамандықтың жақсы спецификасын білетін және практика базасының қызметін білетін мамандар тағайындалады.

Практика жетекшісі практика алдында өндірістік практикадан өтушілерге қажетті дайындықтар ұйымдастырады, практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізеді, практиканың өтілу барысына бақылау жүргізеді, практика бойынша білім алушылардан есеп қабылдайды, кафедрада бекітілген өкім бойынша практика жөнінде есепті қабылдау жүргізеді.

*Өндірістік практикасы бағдарламасының негізгі міндеттері:*

Студенттерді практикадан өту тәртібімен, ережелерімен, студенттерге қойылатын талаптармен таныстыру.

Өндірістік практикадан өту үшін студенттер ең алдымен оқу-әдістемелік материалдармен (оқу бағдарламасы, өндірістік практика бойынша әдістемелік нұсқаумен, күнделік және т.б.) қамтамасыз етіледі.

Институт тарапынан төмендегі практика базаларымен келісім-шарт жасалған.

- Жамбыл облысы соттар әкімшісі;
- Жамбыл облысы полиция департаментінің жедел-криминалистикалық басқармасы;
- Тараз қалалық Полиция басқармасы;
- Тараз қаласы ПБ №1 ПБ;
- Тараз қаласы ПБ №2 ПБ;
- Тараз қалалық Полиция басқармасы №1 ПБ Жедел криминалистикалық бөлімшесі;
- Жамбыл облысының Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы;
- Жамбыл облысы Әділет Департаменті;
- Жамбыл облысы бойынша нотариалдық палатасы;
- Жамбыл облысы бойынша адвокаттар кеңсесі;
- «Бітімгер» құқықтық медиациялық орталық.